

"Астана халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2006 жылғы 20 қарашадағы N 1095 қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Астана халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі "Астана халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамымен бірлесіп, тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 20 қарашадағы
N 1095 қаулысымен

бекітілген

"Астана халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспары

1-бөлім. Ұлттық компанияның жай-күйі және даму перспективалары туралы баяндама

1 .		К і р і с п е	
П а р а г р а ф	1	М и с с и я с ы	
Параграф	2	Құрылуының	қысқаша тарихы
Параграф	3	Басқару	құрылымы
Параграф	4	Орталық аппарат	құрылымы
Параграф	5	Компанияны басқарудың таңдап алынған моделін негіздеу.	
2.		Нарықты (қызмет саласын)	талдау

Параграф 1 Жалпы нарықтағы Астана қаласы әуежайының бәсекелестері
ж ә н е ү л е с і

Параграф 2 Негізгі клиенттер (тұтынушылар, тапсырыс берушілер)

3. **2003 - 2005 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметті талдау**

Параграф 1 Қаржы-экономикалық қызметтің 2003 - 2004 жылдардағы
қ о р ы т ы н д ы с ы

Параграф 2 Салықтар мен басқа да түсімдер аясындағы бюджетке
т ө л е н е т і н т ө л е м д е р

Параграф 3 Баға және тарифтер

Параграф 4 2005 жылғы қызмет нәтижелерін бағалау

Мықты және әлсіз жақтарын көрсете отырып, өндірістік көрсеткіштердің өсуін негіздеу

4. **Қоғам өткізетін іс-шаралар:**

Параграф 1 Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003
-2015 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес

Параграф 2 Оларды шағын және орта бизнестің бәсекелестік ортасына
тапсыру үшін салалық емес функцияларды анықтау бойынша

5. **2006-2008 жылдарға арналған даму жоспары**

Параграф 1 Мақсаттары мен міндеттері

Параграф 2 Қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдарын таңдау

Параграф 3 Стратегияны, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру
б о й ы н ш а

Оларды шағын және орта бизнестің бәсекелі ортасына тапсыру үшін бейінді емес
функцияларды анықтау бойынша

Параграф 4 Жұмыстар, қызметтер өндірісін (заттай және ақшалай
көрсетілген) дамыту серпіні

Параграф 5 Күрделі қаржы жұмсалымдарының көлемі.

Параграф 6 Өзіндік құн құрылымы

Параграф 7 Қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасын сақтау
ж ө н і н д е г і і с - ш а р а л а р

Параграф 8 Баға және тариф саясаты

Параграф 9 Әлеуметтік саланы дамыту

Параграф 10 Кадр саясаты

Параграф 11 Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қарым-қатынастар
р е с п у б л и к а л ы қ б ю д ж е т т е н

салықтар және төлемдер түрлері аясында бюджетке, акциялардың
мемлекеттік пакеттеріне дивидендтерден болжанатын түсімдер

Параграф 12 Қызмет көрсететін банктермен өзара қарым-қатынастар:
есеп айырысу шоттары бойынша айналымдар, ақшалай қаражаттың орташа айлық

қ а л д ы ғ ы

қызмет көрсететін банктің операциялық қызметі бойынша тарифтік саясат сыйақы көлемі және комиссиялық төлемдер көлемі 2-бөлім. **Қоғамның 2006-2008 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы**

1. **Саланың инвестициялық жағдайын бағалау**

Параграф 1 Саланың инвестициялық нарықтарындағы жай-күйді талдау және бағалау, Қоғам рөлін бағалау және оның саланың инвестициялық үдерісіне әсері

П а р а г р а ф 2 Қ о р ы т ы н д ы л а р

2. **Инвестициялық басымдықтар және бағыттар**

Параграф 1 Қоғамның инвестициялық саясатының негізгі басымдықтары м е н м і н д е т т е р і

Параграф 2 Инвестициялық жобалар бойынша ниеттер

3. **Қоғамды дамытудың инвестициялық жоспары**

3-бөлім. **Дамудың аса маңызды көрсеткіштерінің болжамы**

1-бөлім. Ұлттық компанияның жай-күйі және даму перспективалары туралы баяндама

1. Кіріспе

"Астана халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамын дамыту жоспары Қазақстан Республикасының макроэкономикалық болжамдарын ескере отырып, "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес әзірленді.

Параграф 1. Миссиясы

"Астана халықаралық әуежайы" АҚ (бұдан әрі - Қоғам) миссиясы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген Жарғыға сәйкес, (Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 163-1 бұйрығы) Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес әуе кемелеріне және жолаушыларға, багаж, почта және жүкке үлгілі, қауіпсіз және тұрақты қызмет көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

Параграф 2. Құрылуының қысқаша тарихы

Астана қаласының әуежайы 1996 жылға дейін Целиноград қаласының біріктірілген авиациялық жасағының құрамында қызмет еткен.

1996 жылы "Ақмолаавиа" АҚ құрамынан бөліну арқылы "Ақмола әуежайы" акционерлік қоғамы құрылды.

"Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту мен салу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 610 қаулысына сәйкес, жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалын қамтамасыз ету үшін Астана қаласы әуежайының ерекше маңызын ескере отырып, "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

"Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі N 1062 қаулысы "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Астана қаласының әуежайы) құрудың құқықтық негізі болып табылады, оған сәйкес 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап кәсіпорын жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ болып қайта құрылды. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ-ты "Астана халықаралық әуежайы" АҚ етіп қайта тіркеу жүзеге асырылды. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік 2005 жылғы 11 мамырда N 13495-1901-АҚ берілді.

Астана қаласының әуежайы өз қызметінде мынадай негізгі нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алады:

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы;

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңы;

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы.

Параграф 3. Басқару құрылымы

Көп жағдайларда стандарттық басқару шешімдерін талап ететін қазіргі уақыттағы азаматтық авиация саласының жай-күйін, әуежайдың өлшемін, сондай-ақ оның қызметін әртараптандырудың, филиалдары мен еншілес компанияларының болмауын ескере отырып, Қоғамды басқару жүйесі үш деңгейлі тік функционалдық негізде (президент, вице-президенттер, құрылымдық бөлімшелердің басшылары) құрылған.

Қоғам - орталықтан басқарылатын, өзінің құрамында құрылымдық бөлімшелері бар біртұтас заңды тұлға.

Ұйымның құрылымында еншілес компаниялар және қосылма кәсіпорындар жоқ.

Қоғамды басқаруды:

басқарудың жоғарғы органы - жалғыз акционер - мемлекет тұлғасындағы акционерлердің жалпы жиналысы;
басқару органы - Директорлар кеңесі;
атқарушы орган - Қоғам Президенті жүзеге асырады.

Параграф 4. Орталық аппарат құрылымы

Қоғамды басқару аппараты қызметті жалпы басқаруды қамтамасыз ететін кәсіпорын басшысына (президент) тікелей бағынады.

Орталық аппарат құрамына:

өндірісті қамтамасыз ететін (әуе кемелеріне және жолаушыларға қызмет көрсету, жүк және почтаны өңдеу) өндірістік бөлімшелердің қызметін бақылауды жүзеге асыратын басшының өндіріс жөніндегі орынбасары (вице-президент);

авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бөлімшелерді бақылауды жүзеге асыратын басшының қауіпсіздік жөніндегі орынбасары (вице-президент);

басшының қаржы және стратегиялық жоспарлау жөніндегі орынбасары (вице - президент) ;

әуежайды қайта жаңарту және салу бойынша бақылауды жүзеге асыратын басшының құрылыс жөніндегі орынбасары (вице-президент) кіреді.

Параграф 5. Компанияны басқарудың таңдап алынған моделін негіздеу

Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымының қолданыстағы моделі Қоғамның негізгі қызметінің ерекшелігін ескере отырып белгіленді.

Қоғамды басқару сызбасы төменгі буынның басқару субъектілерінің жоғарғы буынға бағыныстылығына негізделген иерархиялық жүйені білдіреді. Басқарудың жоғарғы органы дамытудың басымдылық және стратегиялық бағыттарын белгілеу негізінде Қоғамды жалпы басқаруды қамтамасыз етеді. Басқарушылық ықпал экономикалық дамытудың міндеттерін неғұрлым тиімді орындау бойынша барлық басқарылатын қосалқы жүйелердің қызметін үйлестіруге бағытталған тиісті шешімдер түрінде қалыптасады.

Қоғам мемлекеттік органдар тарапынан басқару объектісі бола отырып, өз кезегінде , оның құрамына кіретін құрылымдық бірліктер мен бөлімшелерге қатысты басқару функцияларын жүзеге асырады. Осы деңгейде міндеттерді нақтылау жүзеге асырылады , сондай-ақ компанияның объектілерін, үдерістерін және ресурстарын жедел-өндірістік басқару жүйесі қалыптасады.

Сөйтіп, басқарудың таңдап алынған моделі қажетті жедел-өндірістік дербестікті қамтамасыз етеді, оның кеңеюі өндірістік қызмет тиімділігін арттыруға, ұсынылатын қызмет аясын ұлғайтуға және олардың сапасын жақсартуға ықпал етеді.

2. Нарықты (қызмет саласын) талдау

Параграф 1. Жалпы нарықтағы Астана қаласы әуежайының бәсекелестері және үлесі

Қазақстанның авиациялық нарығы авиакөлік инфрақұрылымының тиісті жұмысын қамтамасыз ететін әуе тасымалдаушылардан, әуежайлардан, навигациядан тұратын күрделі, тармақталған жүйе болып табылады.

Бүгінгі күні саны 21 жеткен әуежайлар арасында Қазақстанның авиациялық рыногы мынадай тәртіппен бөлінген:

Алматы қаласының әуежайы нарықтың негізгі үлесін алып отыр. Әуежайдан республика бойынша жалпы көлемнен ұшақ ұшудың (рейстер жөнелтілді) 28%, жолаушылар жөнелтудің 50% және жүкті, почта мен багажды өңдеудің 68% орындалады;

Астана қаласының әуежайы Қазақстанның авиарыногында екінші орынды алып отыр: жалпы көлемнен рейстерді жөнелтудің 12%, жөнелтілген жолаушылардың 18% және өңделген жүк, почта және багаждың 6%;

Республиканың қалалары мен облыс орталықтарының басқа әуежайлары нарықтың қалған үлесін өз арасында бөліп алады.

Өңір ішінде ішкі және халықаралық бағыттарда (республика әуежайларында қонулармен) әуе кемелеріне әуежайлық қызмет көрсету монополиялық қызмет болып табылады.

Сонымен бірге, еліміздің географиялық орналасуы авиатасымалдар рыногында және әсіресе, Еуропа-Оңтүстік Шығыс Азия елдері бағытының бағыттарында бәсекелестік ортаны құрайды. Нарықтық экономика жағдайында Астана қаласының әуежайы көрсетілген транзиттік бағыттарға қатысты қатаң бәсекелестік ортада болып отыр. Әуежайлық және навигациялық қызметтерге шегерімдер мен жеңілдіктер беру мүмкіндігі, көршілес елдер қалаларының (Ташкент, Мәскеу, Новосибирск, Омбы) әуежайларындағы авиациялық отынның неғұрлым төмен құны Еуропадан Азияға транзиттік тасымалдаушылар үшін анағұрлым тартымды болып табылады.

Параграф 2. Негізгі клиенттер (тұтынушылар, тапсырыс берушілер)

Қазіргі уақытта Қоғам қызметтерінің негізгі клиенттері тұрақты рейстер орындайтын авиакомпаниялар болып табылады. Отандық авиатасымалдаушылардан - "Эйр Астана" АҚ, "Скат" АҚ, "Еуро-Азия-Эйр"

АҚ, шетелдік авиакомпаниялардан - "Трансаэро" АҚ ААҚ, Polar Air Cargo.

Астана қаласының әуежайынан қызмет көрсетілген рейстер мен жолаушылардың жалпы көлеміндегі негізгі авиакомпаниялардың үлесі

Авиакомпаниялар	Қызмет көрсетілген рейстер, %		Қызмет көрсетілген жолаушылар, %	
	2004 жыл	2005 жыл	2004 жыл	2005 жыл
Эйр Астана	38	50	66	73
Скат	15	11	11	9
Еуро-Азия-Эйр	11	8	5	3
Трансаэро	3	3	6	7
Polar Air Cargo	1	2	0	0
Басқа АҚ	32	26	12	8
Барлығы	100	100	100	100

Астана қаласының әуежайынан қызмет көрсетілген рейстер мен жолаушылардың жалпы көлеміндегі негізгі үлесті 2005 жылы ішкі және халықаралық бағыттарда ұшуларды орындайтын "Эйр Астана" АҚ авиакомпаниясы (тиісінше 50% және 73%) алып отыр.

Әуежайдың трансазиялық бағытта орналасуын ескере отырып, ұшу әуе жолдары Астана қаласының әуе қозғалысына қызмет көрсету ауданы үстінен өтетін көптеген шетелдік авиакомпаниялар әлеуетті клиенттер болып табылады.

Әуе жолдарының жай-күйіне жүргізілген талдау Астана қаласының әуежайындағы негізгі әлеуетті тасымалдаушылар - Ресей ТЖМ, AERO FLIGHT MBH@CO LIUFTVERKEHRS-KG, ASIANA AIRLINES INC, CEECH AIR FORCE, LATCHARTER AIRLINES, British Airways, Lufthansa, Virsin Air, Air France, KLM, Cathay Pacific Airways, Swiss Air, China Airlines, Mahan Airlines (Iran), UNITED SPHINX CORPORATION, UM AIR, Антей, Атлант-Союз, Аэрофракт, Атран, Башқұрт авиажелілері, Волга-Днепр, Домодедов авиажелілері, Истлайн екенін көрсетті.

3. 2003-2005 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметті талдау

Параграф 1. Қаржы-экономикалық қызметтің 2003-2004 жылдардағы қорытындысы

Әуежайдың өндірістік қызметі әуежай арқылы қозғалыс көлемінің екі негізгі көрсеткіші негізінде қаралған: қызмет көрсетілген рейстер саны мен қызмет көрсетілген жолаушылар саны.

Көрсеткіштер атауы	2003 жыл	2004 жыл

Қызмет көрсетілген рейстер, саны	11 574	13 316
алдыңғы жылға %-бен	114	115
Қызмет көрсетілген жолаушылар, адамдар	397 316	496 240
алдыңғы жылға %-бен	123	125

Қызмет көрсетілген рейстер санының даму үрдісі, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 2003 жылы 14%-ға және 2004 жылы 15%-ға өсумен сипатталады. Тиісінше қызмет көрсетілген жолаушылардың саны да 23%-ға және 25%-ға өсті. Көрсетілген көрсеткіштер бойынша орташа тәуліктік деректер 2003 жылы - әуе кемелерінің 32 ұшып-қонуын және қызмет көрсетілген 1088 жолаушыларды, 2004 жылы - тиісінше 36 және 1366 құрады.

Осы үрдістің анықтаушы факторы қолданыстағы бағыттарда рейстер жиілігін арттыру мен жаңа бағыттар ашу болып табылады. 2003-2004 жылдары Астана қаласының әуежайында қызмет көрсетілген рейстер мен жолаушылардың жалпы көлемінде ішкі авиатасымалдар негізгі үлесті (70%) құрайтынын атап өткен жөн, бұл Қазақстанның ірі қалаларының елордамен байланысын қамтамасыз ету үшін ішкі әуе желілерінің жүйесін кеңейтуге байланысты.

Әуежайдағы өндіріс көлемі өсуінің жалпы оң серпіні қаржылық көрсеткіштер үрдісіне де әсер етті.

(млн. теңге)

Көрсеткіштер	2003 жыл нақты	2004 жыл жоспар	2004 жыл нақты	Ауытқушылық, %-бен	
				2003 жылдан %	Жоспардан
А	1	2	3	4	5
Кірістер	3 754	3 743	3 941	105	105
операциялық қызметтен	1 825	2 441	2 981	163	122
операциялық емес қызметтен	1 929	1 302	960	50	74
Шығыстар	3 034	3 357	3 270	108	97
операциялық қызметтен	2 034	2 252	2 713	133	120
операциялық емес қызметтен	1 001	1 105	557	56	50
Қаржылық нәтиже	720	385	671	93	174

Астана қаласы әуежайының кірісі 2004 жылы 3 941 млн. теңгені құрады, бұл жоспар деңгейінен 5%-ға (198 млн. теңгеге) және 2003 жылдың деңгейінен 5%-ға артты.

2004 жылғы Қоғамның операциялық қызметінен түскен кірістері жоспардан 22%-ға (540 млн. теңгеге) өсуімен сипатталады. Операциялық қызметтен алынған кірістердің ұлғаюының негізгі факторы әуежайлық қызметтерден алынған кірістердің 31%-ға ұлғаюы болып табылады. Әуежайлық және әуежайлық емес қызметтен түсетін кірістер үлесі операциялық қызметтен түсетін

кірістердің жалпы көлемінде тиісінше 64%-ды және 26%-ды құрайды.

Есепті кезеңдегі негізгі емес қызметтен түскен кіріс 960 млн.теңгені құрады және жоспарланған көлемнен 26 %-ға (342 млн. теңгеге) азайды. Азаю Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі (JBIC) қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын әуежайды қайта жаңарту жобасы бойынша жапон йенінде көрсетілген кредиттік міндеттемелерді қайта бағалау бойынша есеп сомасындағы бағамдық айырмашылықтың есеп саясатындағы өзгерістерге байланысты.

Әуежайдың шығыстары 3 270 млн. теңгені құрады және жоспар деңгейінен 3%-ға (8 7 м л н . т е ң г е г е) а з а й д ы .

2004 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам шығыстары азаюының негізгі себебі, жоспармен салыстырғанда әуежайдың операциялық емес қызметінен шығыстардың 50 %-ға (548 млн. теңгеге) төмендеуі болып табылады. Бұл есеп саясатындағы, сондай-ақ халықаралық әуежайды қайта жаңарту жобасы бойынша JBIC заемының бағамдық айырмашылығы сомасын қайта бағалаудағы өзгерістерге байланысты.

Жоғарыда көрсетілгендер салдарынан, 2004 жылдың қорытындылары 671 млн. теңге сомасындағы оң қаржылық нәтижемен сипатталады.

Параграф 2. Салықтар мен басқа да түсімдер аясындағы бюджетке төленетін төлемдер

Қоғамның 2003-2004 жылдардағы салық аударымдары төмендегі кестеде ұсынылды.

2003-2004 жылдардағы салық аударымдары

млн. теңге

Бюджетке төленетін салықтар және басқа да төлемдер	2003 жыл	2004 жыл	2004 жыл 2003 жылға %-бен алғанда
А	1	2	3
Жер салығы	6,0	5,7	95
Мүлікке салық	45,9	60,5	132
Көлікке салық	1,0	0,9	90
Әлеуметтік салық	60,4	61,1	101
Корпоративтік табыс салығы	19,9	82,6	415
Жеке тұлғалардан табыс салығы	19,0	28,2	148
Қосымша құн салығы	275,3	317,5	115
Барлығы	427,5	556,5	130

Бюджетке төленетін негізгі төлемдердің барлық сомасы 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы 30%-ға ұлғайды. Төлемдердің айрықша ұлғаюы былайша т ү с і н д і р і л е д і :

- мүлік салығының 32%-ға ұлғаюы қайта жаңартылған ұшу-қону жолағын

пайдалануға енгізуге байланысты;

- корпоративтік табыс салығы бойынша төлемдердің 4 еседен астам (62,7 млн.теңге) ұлғаюы 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылдың нәтижесі бойынша алынған кірістің ұлғаюына байланысты;

- 2004 жылы қызметкерлердің орташа еңбекақысының өсуіне байланысты, 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы жеке табыс салығы бойынша төлемдердің 48%-ға (9,2 млн.теңге) ұлғаюы байқалады.

Директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен (Көлік және коммуникация министрінің бұйрығы) 2003 жылдың нәтижесі бойынша алынған Қоғамның таза кірісі толық көлемде кредит міндеттемелерін өтеуге, ал 2004 жыл нәтижесі бойынша - кредит міндеттемелерін өтеуге және негізгі құралдарды сатып алуға бағытталды.

Параграф 3. Баға және тарифтер

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әуежай қызметтері табиғи монополия саласына жатқызылды.

Жердегі қызмет көрсетуге әуежайлық алымдар мен тарифтердің қолданыстағы ставкалары Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің 2003 жылғы 14 наурыздағы N 35-НҚ бұйрығымен бекітілген.

р/с N	Қызметтер атауы	Өлшем бірлігі	Көрсетілген қызметтер бірлігіне алымдар ставкасы, теңге (ҚҚС-сыз)
А	Б	В	Г
1	Әуе кемелерінің ұшып-қонуы	МҰМ бір тоннасына алымдар ставкасы	1 441
2	Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	МҰМ бір тоннасына алымдар ставкасы	360
3	Жолаушыларға қызмет көрсету	ІӨЖ	817
		ХӘЖ	2 160
4	Жүкті өңдеу	ІӨЖ	8 904
		ХӘЖ	9 817
5	Әуе кемелерін қарсы алу-жіберу	МҰМ 1 тоннасына тариф	300
6	Транзиттік нысан бойынша ӘК техникалық қызмет көрсету	МҰМ 1 тоннасына тариф	535
7	ӘК жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету	Құйылған ЖЖМ 1 тоннасына тариф	5 882

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі 2005 жылдың басында реттелетін қызметтер құрамынан 5 қызметті шығарған. Бұл ретте, реттелетін қызметтер құрамында тек қана 2 қызмет - "Әуе кемелерін ұшыру-қондыру" және "Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету" қалды.

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті әуежайлық қызмет рыногына талдау жүргізді. Талдау нәтижесі жоғарыда көрсетілген қызметтер бойынша Қоғамның басым үлесі монополияға қарсы орган жыл сайын бекітетін шекті мөлшерден артқанын көрсетті. Осыған байланысты Қоғам Астана қаласы бойынша белгіленген тауар рыногында басым (монополиялық) орын алатын Нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімдемесіне енгізілген.

Талдау жүргізілген кезеңде өндірістік шығыстардың өсуіне қарамастан Қоғам тарифтерді өсірмегенін атап өткен жөн.

Бұдан басқа, икемді тариф саясатын жүргізу мақсатында Қоғам заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік реттеуге жататын әуежайлық қызмет көрсету тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін (ставкалар, алымдар) қолдануда.

Параграф 4. 2005 жылғы қызмет нәтижелерін бағалау

Көрсеткіштер	2004 жыл іс жүзінде	2005 жыл жоспар	2005 жыл іс жүзінде	Ауытқушылық, %-бен	
				2004 ж.	жоспардан
А	1	2	3	4	5
Қызмет көрсетілген рейстер, соның ішінде:	13 316	14 702	16 590	125	113
Ішкі рейстер	10 216	11 320	13 362	132	119
ТМД елдері	1 818	1 985	1 646	90	83
Алыс шетел	1 282	1 397	1 482	115	106
Қызмет көрсетілген жолаушылар, (адам), соның ішінде:	496240	568888	657550	132	116
Ішкі рейстер	383482	441799	514214	134	116
ТМД елдері	65 678	68 266	75 314	115	110
Алыс шетел	47 080	58 823	68 022	144	116
Кірістер, (млн. теңге)	3 941	4 432	5 142	130	116
операциялық қызметтен	2 981	3 561	4 295	144	121
операциялық емес қызметтен	960	870	846	88	97
Шығыстар, (млн. теңге)	3 270	4 073	4 743	145	116
операциялық қызметтен	2 713	3 558	4 389	161	123
операциялық емес қызметтен	557	515	353	63	69
Қаржылық нәтиже, (млн. теңге)	671	359	399	59	111

2005 жылы өндірістік көрсеткіштер қызмет көрсетілген 16 590 рейсті және қызмет көрсетілген 657 550 жолаушыны құрайды, бұл жоспарланған деңгейден 13 %-ға (1 888 рейске) және 16 %-ға (88 662 жолаушыға) артық. Бұл үрдіс рейстер жиілігінің және олардың коммерциялық жүктелу дәрежесінің ұлғаюына байланысты.

2005 жылы Астана қаласы әуежайының кірісі 5 142 млн. теңге сомасын құрады, бұл 2004 жылдың деңгейінен 30 %-ға және жоспардан 16 %-ға (тиісінше 1201 млн. теңге және 7 10 млн. теңгеге) артық.

2005 жылы әуежайдың шығыстары 4 743 млн. теңгені құрады, бұл 2004 жылдың деңгейінен 45 %-ға (1 473 млн. теңгеге) артық. Операциялық қызметтен шығыстар 4 389 млн. теңгені, соның ішінде операциялық қызметтен шығыстар мен кірістерде ескерілетін сату үшін сатып алынған материалдар құны (авиаотын және борттық тамақтану өнімдері) - 2 204 млн. теңгені құрады. Операциялық емес қызметтен шығыстар 3 53 млн. теңгені құрады.

Сату үшін сатып алынған материалдар құнын есептемегендегі операциялық қызметтен шығыстар 61 %-ға (1 676 млн. теңгеге) артады. 2004 жылдың деңгейімен салыстырғанда шығыстардың өсуінің негізгі себебі жаңа әуежайды пайдалануға енгізуге байланысты пайдаланушылық шығыстардың ұлғаюы болып табылады, соның ішінде:

- коммуналдық қызметтерге - 74 %-ға (55 млн. теңге);
- ғимаратты күтіп ұстауға 34 %-ға (15 млн. теңге);
- мүлікке салынатын салық бойынша 37 %-ға (22 млн. теңге);

2005 жылы жаңа әуежайлық кешенді пайдалануға енгізуге байланысты персонал саны 2004 жылғы 760 адамнан 970 адамға дейін және орташа айлық еңбекақы 2004 жылғы 42 824 теңгеден 43815 теңгеге ұлғайды. Осыған байланысты еңбекақы төлеу шығыстары 31 %-ға (119 млн. теңгеге) артты.

2005 жылғы шығыстар жоспарланған көлемнен 16 %-ға (670 млн. теңгеге) ұлғаяды. Шығыстар өсуінің негізгі себебі сату үшін сатып алынған материалдар құнының 37,6 %-ға (597 млн. теңгеге) артуы болып табылады.

Сату үшін сатып алынған материалдар құнын есептемегенде операциялық қызметтен шығыстар жоспардан 51 %-ға (715 млн. теңгеге) төмендеді.

Қоғам қызметі қорытындыларын алдын ала бағалау бойынша 2005 жыл оң қаржылық нәтижемен сипатталады және 399 млн. теңгені құрайды. Салық төлегеннен кейінгі таза табыс 384 млн. теңге сомасында бағалануда.

Мықты және әлсіз жақтарын көрсете отырып, өндірістік көрсеткіштердің өсуін негіздеу

Қоғам қызметі нәтижелілігінің негізгі сапалық көрсеткіштерінің қатарында сапаны жетілдіру арқылы, көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуды, персоналдармен оқыту семинарларын жүргізу, жарнаманың жаңа әдістерін қолдану, әуежайдың қолданыстағы сайтын үнемі жаңартуды атап көрсеткен жөн.

Сондай-ақ авиатасымалдаушыларды тарту бойынша үнемі жұмыстар жүргізіледі: авиакомпания өкілдерімен үнемі келіссөздер жүргізу, сапалы жарнамалық

кампанияларды ұйымдастыру, қосымша маркетингтік
әзірлемелерді жүргізу.

Әуежайлық қызмет көрсету үдерісіндегі мықты және әлсіз жақтарды анықтау бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізілді. Бұл келешекте Қоғам үшін нарықтың аса артық және маңызды үлестеріне бағытталуға мүмкіндік береді.

4. Қоғам өткізетін іс-шаралар:

Параграф 1. Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының стратегиясында белгіленген (бұдан әрі - Стратегия) көлік саласындағы негізгі міндет көлік инфрақұрылымы дамытуды шектейтін фактор болатындай жағдайларды болдырмау мақсатында елдің жылдам экономикалық дамуына сәйкес жүк және жолаушылар ағынын кеңейту мен жетілдіруді қамтамасыз ету болып табылады. Басқа маңызды міндет еліміздің транзит-көлік әлеуетін барынша дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес Астана қаласының әуежайын қайта жаңарту жүзеге асырылды. 2005 жылдың басында жаңа әуежайлық кешеннің тұсаукесері өткізілді және жаңа жолаушылар терминалы пайдалануға енгізілді.

Бұдан басқа, 2005 жылы Астана қаласының әуежайы сериясы ISO 9001:2000 сапа сертификатын алды және алдағы уақытта СТ РК ИКАО сертификатауынан өтеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 сәуірдегі N 814 қаулысымен бекітілген және "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ-ты дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспарында көзделген Астана қаласы әуежайының транзиттік әлеуетін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 2005 жылы мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

негізінен жүк тасымалдаушы әуе кемелері үшін, отын құюға Астана әуежайына транзиттік техникалық қонулар жасау үшін клиенттер ретінде шетел авиакомпанияларын тарту бойынша жұмыстар жүргізілді. Азиядан Еуропаға жиілігі аптасына 2 рет транзиттік рейстерді орындайтын "Polar Air Cargo" АҚШ-тың ірі жүк авиакомпаниясының B747-400F әуе кемелеріне 2005 жылы шарттық негізде әуежайда қызмет көрсетілуде. 2005 жылдың наурыз айынан бастап РФ ТЖМ ресей авиакомпаниясының жиілігі аптасына 3 рет ұшулары орындалуда;

инвестициялық қызмет шеңберінде әуежай құны 1 515,6 млн. теңге тұратын ұшу-қону жолағын (ҰҚЖ) қайта жаңарту жөніндегі жобаны

республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асырды. Қазіргі уақытта Астана қаласының әуежайы ИКАО III санатының метеоминимумы бойынша, қонудың екі курсымен жарық сигнал беру жабдығымен және "Вайсала" фин фирмасының жаңа метеожабдығымен жарақталған, Қазақстандағы жалғыз әуежай болып табылады. Бұл әуе кемелерінің барлық үлгілерін салмағына шектеу салмай және күрделі ауа райы жағдайларында қабылдауға мүмкіндік береді.

Параграф 2. Оларды шағын және орта бизнестің бәсекелестік ортасына тапсыру үшін салалық емес функцияларды анықтау бойынша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 450 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасына" сәйкес Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) талдау жүргізген болатын және шағын және орта бизнестің бәсекелестік ортасына тапсыру үшін әуежай қызметі түрлерінің тізбесі белгіленді.

Осы тізбеге сәйкес "Астана халықаралық әуежайы" АҚ-қа борттық тамақтанумен қамтамасыз ету, қонақ үй, туристік рейстер, кір жуу қызметін тоқтатуға және мүлікті иеліктен шығаруға нұсқау жасалды. Агенттіктің қорытындысымен келіспей, Қоғам өзінің наразылығын жолдаған болатын, онда мыналар көрсетілді:

1) Қоғам туристік рейстерді ұйымдастырумен айналыспайды;

2) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің келісімімен құрамына борттық тамақтануды қамтамасыз ету бойынша қызмет кіретін қоғамдық тамақтандыру кешені негізгі қызметке технологиялық байланысты өзге қызмет болып табылады. ИАТА жердегі қызмет көрсету туралы Стандартты келісімінде көзделген қызметтің бұл түрі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетімен келісілген.

Елорда әуежайын қайта жаңарту жобасын іске асыруды аяқтауға, жаңа объектілерді пайдалануға енгізуге байланысты әуежай инфрақұрылымының жаңа және қайта жаңартылған объектілерін күтіп ұстау бойынша шығыстарды өтеу проблемасы аса өзекті болып тұр. Негізгі емес қызмет түрлерін дамыту Қоғам басшылығы қабылдайтын шаралардың бірі болып табылады. Нәтижесінде Агенттік осы мәселені қайта қарады, оны қарау нәтижесі бойынша бортцех қызметі негізгі қызметпен технологиялық байланысты болып белгіленді және мүлікті иеліктен шығару жөніндегі рәсімді тоқтату туралы шешім қабылданды.

3) Әуежай қонақ үй қызметін көрсетумен айналыспайды. Қонақ үйдің ескі ғимараты ішінара экипаждардың ұзақ тұруына арналған зал ретінде ұсынылса, ішінара әуежайдың қызметкерлеріне тұру үшін ұсынылады. Бұдан басқа, ғимараттың 1-

қабатында Астана қаласының Желілік ішкі істер бөлімі орналасқан. Қоғам жолдаған негізделген ақпарат негізінде Агенттік осы қызметті заңнамада көзделген тәртіппен келісу туралы ұйғарым жасады.

4) Кір жуу қызметі тиімсіз болып танылды, 2005 жылдың 9 айында түскен кіріс 34 мың теңгені құрады, іске тартылған активтер құны 52 мың теңгені құрады, осыған байланысты кір жуу қызметі тоқтатылды.

5) Әуежайдың медициналық-санитарлық базасы негізінде кейіннен емдеу-ұшу сараптамасын жүргізу жөніндегі функцияларды берумен "Азаматтық авиацияның медициналық орталығы" ЕМК құрылды.

2005 жылдың соңында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Әуе көлігіндегі Солтүстік-батыс өңірлік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы және Әуе көлігіндегі Солтүстік-батыс өңірлік санитарлық-эпидемиологиялық сараптау орталығы үшін ғимаратты мемлекеттік сатып алу бойынша ашық конкурс жариялады. Жоғарыда аталған функцияларды Орталыққа бергеннен кейін медициналық-санитарлық бөлім ғимараты Мемлекеттік сатып алу туралы заңда белгіленген тәртіппен ұсынылған құны 32 млн. теңге конкурстық өтінімге енгізілген болатын. Бұдан әрі ғимарат конкурстық өтінімде көрсетілген құны бойынша с а т ы л д ы .

Қазіргі уақытта медициналық-санитарлық бөлім ғимаратын иеліктен шығару жөнінде рәсімдер аяқталу сатысында.

5. 2006 - 2008 жылдарға арналған даму жоспары

Параграф 1. Мақсаттары мен міндеттері

Әуе кемелеріне, жолаушыларға, багажға, почтаға үлгілі, қауіпсіз және тұрақты қызмет көрсетуді қамтамасыз ету сапасын арттыру Қоғамның 2006-2008 жылдарға арналған стратегиялық мақсаты болып табылады.

2006 жылғы Қоғамның мақсаты қызметтің сапалық және сандық көрсеткіштерін жақсарту, шығынсыз қызметке қол жеткізу үшін пайдалануға енгізілген өндірістік қуаттарды тиімді пайдалану болып табылады.

Жоспарланып отырған 2006 жылы Қоғамның мақсаттары мыналар болып табылады :

- 1) транзиттік әлеуетті пайдалану;
- 2) халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес әуежайдың инфрақұрылымын жақсарту және әуежайдың техникалық жарақталуын арттыру;
- 3) әуе кемелеріне және жолаушыларға қызмет көрсету жөнінде қызметтер ұсыну сапасының жоғары стандарттарына қол жеткізу;
- 4) Қоғам қызметінің қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін жетілдіру.

Параграф 2. Қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдарын таңдау

Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында негізгі қызметтің бағыттары болып мыналар белгіленді:

- 1) Оңтүстік-Шығыс-Батыс бағыттарында ұшуларды орындайтын шетел авиакомпанияларын Астанаға тарту;
- 2) әуежай инфрақұрылымының қайта жаңартылған және салынған объектілерін халықаралық стандарттар деңгейіне дейін жетілдіру және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес әуежайдың техникалық жарамдылығын жақсарту;
- 3) ұсынылатын авиациялық қызметтерді ұдайы жетілдіру;
- 4) жоғары технологиялық қызметтердің жаңа түрлерін әзірлеу және ұсыну, сондай-ақ авиациялық емес қызметтерді дамыту (әуежай терминалдарындағы үй-жайларды, алаңдарды жалға беру, жарнаманы орналастыру, паркинг, концессиялық қызмет).

Параграф 3. Стратегияны, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру бойынша

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының (бұдан әрі - Стратегия) міндеттеріне сәйкес көлік саласындағы негізгі бағыт еліміздің транзит-көлік әлеуетін барынша дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 сәуірдегі N 814 қаулысымен бекітілген Астана қаласы әуежайының транзиттік әлеуетін дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, Қоғам 2006 жылы елорда әуежайының жаңа қуаттарын барынша пайдалануды жоспарлауда.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындауға бағытталған 2006 жылғы негізгі іс-шаралар мыналар:

Азаматтық авиация комитетімен бірлесіп әуе қатынасы туралы, сондай-ақ Астана қаласының әуежайын тұрақты ұшулар үшін міндетті қону пункті ретінде пайдалану жөніндегі, сондай-ақ Астана қаласының әуежайында техникалық қонуды жүзеге асырғысы келетін авиакомпаниялардың ұшулары жөніндегі үкіметаралық келісімдерге тиісті өзгерістер енгізу жөнінде іс-шаралар өткізу;

ИАТА Әуе көлігі халықаралық қауымдастығының (авиатасымалдаушыларының) жерде қызмет көрсету жөніндегі кеңесіне кіру жөнінде іс-шаралар жүргізу; әуежайды қайта жаңарту шеңберінде жоғары технологиялық электронды жабдықпен жабдықталған жаңа объектілердің пайдалануға енгізілуін ескере отырып,

халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес мамандарды кейіннен сертификаттаудан өткізе отырып, әуежай персоналын оқыту. 2006 жылы оқыту курстарына 45 адамды жіберу жоспарлануда, оларды оқыту құны 5 млн.тенге құрайды.

Оларды шағын және орта бизнестің бәсекелестік ортасына тапсыру үшін салалық емес функцияларды анықтау бойынша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 450 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасында қойылған міндеттерді іске асыру үшін салалық емес функцияларды анықтау мақсатында Қоғам көрсетілетін қызметтерге ұдайы талдау жүргізеді, соған сәйкес кәсіпорындардың және мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың салалық емес функцияларын бәсекелестік ортаға беру көзделуде.

Параграф 4. Жұмыстар, қызметтер өндірісін (заттай және ақшалай көрсетілген) дамыту серпіні

Авиатасымалдардың жоспарланып отырған көрсеткіштері дүниежүзілік авиацияға қатысты соңғы болжамдарға және алдыңғы жылдардағы Астана қаласының әуежайы арқылы трафиктің өсуінің (10-12%) қалыптасқан үрдісіне негізделген. ИКАО болжамы бойынша, әлемдегі тұрақты жолаушы тасымалдарының орташа жылдық өсу қарқыны 1999 жылдан бастап 2006 жылға дейін 5,3 % өседі, ал Еуропа мен Азия-Тынық мұхит өңірі елдері арасындағы бұл өсу орташа алғанда жылына 7,5 %-ды құрайды.

Астана қаласының әуежайы арқылы авиатасымалдар болжамы

Көрсеткіштер атауы	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
1. Қызмет көрсетілген рейстер	16 590	17 130	18 500	19 980
<i>алдыңғы жылға %</i>	<i>125</i>	<i>103</i>	<i>108</i>	<i>108</i>
2. Қызмет көрсетілген жолаушылар	657 550	710 425	767 260	828 641
<i>алдыңғы жылға %</i>	<i>132</i>	<i>108</i>	<i>108</i>	<i>108</i>

2006 жылы 17 130 рейске және 710 425 жолаушыға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету жоспарлануда, бұл жоғарыда көрсетілген болжам факторларына сәйкес 2005 жыл деңгейімен салыстырғанда тиісінше 3 % және 8% өсуді құрайды.

2007-2008 жылдары қызмет көрсетілетін рейстер мен жолаушылар өсуінің орташа жыл сайынғы деңгейі 8 % құрайды.

2006-2008 жылдары күтілетін нәтижелер

(млн. теңге)

	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
Кірістер, барлығы	5 142	6 638	8 877	9 270
<i>алдыңғы жылға %-бен</i>	<i>130</i>	<i>129</i>	<i>133,7</i>	<i>104,4</i>
Операциялық қызметтен	4 295	6 638	8 877	9 270
<i>алдыңғы жылға %-бен</i>	<i>144</i>	<i>129</i>	<i>133,7</i>	<i>104,4</i>
Операциялық емес қызметтен	846			
Шығыстар, барлығы	4 742	7 846	9 560	9 812
<i>алдыңғы жылға %-бен</i>	<i>145</i>	<i>165,4</i>	<i>121,8</i>	<i>102,6</i>
Операциялық қызметтен	4 389	7 846	9 560	9 812
Операциялық емес қызметтен	353			
Қаржылық нәтиже, барлығы	399	-1208	-683	-542
Операциялық қызметтен	-93	-1208	-683	-542
Операциялық емес қызметтен	493	0	0	0

Қаржылық көрсеткіштердің серпіні болжанып отырған кезеңдегі өндірістік көрсеткіштер өсуінің тиісті үрдісімен сипатталады.

2006 жылы күтілетін кірістердің көлемі 6 638 млн. теңгені құрайды, бұл 2005 жылдың деңгейінен 129 %-ға (1 496 млн. теңгеге) артық болады.

2006 жылы шығыстар сомасы 7 846 млн. теңге мөлшерінде болжануда, бұл 2005 жылдың деңгейінен 165.4 %-ға (3 104 млн. теңгеге) артық болады. Бұл ұлғаю өзіндік құнның 187.9 %-ға (3. 215 млн. теңгеге) өсуіне байланысты.

Параграф 5. Күрделі қаржы жұмсалымдарының көлемі

Қоғам күрделі қаржы жұмсалымдарын негізінен негізгі қорларды (арнайы техниканы, жабдықты және тағы басқаларды) жөндеуге және ауыстыруға бағыттауды жоспарлауда. Қаржыландыру көзі әуежайдың меншікті қаражаты болып табылады.

Күрделі қаржы жұмсалымдарының 2006-2008 жылдарға арналған жоспары

(млн. теңге)

Пайдалану бағыты	Барлығы, соның ішінде жылдар бойынша:	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
Негізгі қорларды ауыстыру және жөндеу	462	262	100	100

Параграф 6. Өзіндік құн құрылымы

Сатылатын қызметтердің өзіндік құны 2006-2008 жылдары 35291 млн. теңгені, соның ішінде 2006 жылы - 9 249 млн. теңгені, 2005 жылмен салыстырғанда 5592 млн. теңгеге немесе 252,9 %-ға өсуді құрайды.

2006-2008 жылдардағы өзіндік құн құрылымы

(млн. теңге)

Көрсеткіштер	2005 жыл нақты	2006 жыл болжам	2007 жыл болжам	2008 жыл болжам	2006 - 2008 жылдардабарлығы	Үлес салмағы , %
А	1	2	3	4	5	6
Өзіндік құн, барлығы	3 657	6 872	8 621	8 892	24 385	100
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>153,9</i>	<i>188,0</i>	<i>126,0</i>	<i>103,1</i>		
Еңбекақы төлеу шығыстары	510	530	539	563	1632	6,7
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>158,6</i>	<i>104,0</i>	<i>101,6</i>	<i>104,4</i>		
Негізгі құралдар мен МЕА тозуы	380	1 280	1 279	1 295	3 854	15,8
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>126,6</i>	<i>336,8</i>	<i>100</i>	<i>101,2</i>		
Коммуналдық қызметтер	148	456	478	497	1 431	5,9
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>169,1</i>	<i>308</i>	<i>104,8</i>	<i>103,9</i>		
Ғимараттар мен құрылыстарды күтіп ұстау жөніндегі қызметтер	38	90	89	90	269	1,1
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>216,4</i>	<i>236</i>	<i>98</i>	<i>101</i>		
Байланыс шығыстары	23	23	24	25	72	0,3
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>101,7</i>	<i>100</i>	<i>104</i>	<i>104</i>		
Тауар-материалдық құндылықтар шығыстары	175	182	221	230	633	2,6
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>81,1</i>	<i>104</i>	<i>121</i>	<i>104</i>		
НҚ жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі шығыстар	78	32	33	35	100	0,4
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>52,4</i>	<i>41</i>	<i>103</i>	<i>106</i>		
Бөтен ұйымдар қызметтері	11	12	12	13	37	0,1
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>154,3</i>	<i>109</i>	<i>100</i>	<i>108</i>		
Сатуға арналған сатып алынатын материалдар құны	2 204	4 142	5 827	6 029	15 998	65,6
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>172,3</i>	<i>187,9</i>	<i>141,0</i>	<i>103,4,3</i>		
Авиаотын және авиа арнайы сұйықтары	2 021	3 886	5 551	5 733	15 170	62,2
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>173,8</i>	<i>192,0</i>	<i>142,8</i>	<i>103,2</i>		
Борттық тамақтануға арналған азық-түліктер	182	256	276	296	828	3,3
<i>алдыңғы кезеңге %-бен</i>	<i>158,2</i>	<i>140</i>	<i>107</i>	<i>107,2</i>		

2006-2008 жылдарға арналған өзіндік құнды талдау шығыстардың осы бабындағы елеулі үлес салмақты сату үшін сатып алынған материалдар бойынша шығыстар - 15

998 млн. теңгені немесе 65,6 %-ды, соның ішінде 2006 жылы - 4 142 млн. теңгені немесе 60 %-ды құрайтынын көрсетті. Осы шығыстардың 2005 жылмен салыстырғанда 92,0 %-ға артуы авиаотынға бағаның болжамды өсуімен байланысты.

2005 жылы "Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қайта жанарту" жобасы бойынша жұмыстардың аяқталуына, 2006 жылы әуежайлық кешеннің жаңа объектілерін (30 бірліктен астам), көлікті және арнайы жабдықты (54 бірлік) теңгерімге қабылдауға байланысты, мынадай шығыстар бабының артуы болжануда:

негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуы - 3 854 млн. теңге немесе 15,8%, соның ішінде 2006 жылы - 1 280 млн. теңге немесе 18,6 %. 2005 жылдың деңгейіне қарағанда өсу - 3,3 есе;

коммуналдық қызметтер бойынша шығыстар - 1 431 млн. теңге немесе 5,9 %, соның ішінде 2006 жылы - 456 млн. теңге немесе 6,6 %. 2005 жылдың деңгейіне қарағанда өсу - 3,1 есе;

ғимараттар мен құрылыстарды күтіп ұстау бойынша - 269 млн. теңге немесе 1,1%, соның ішінде 2006 жылы - 90 млн. теңге немесе 1,3 %. 2005 жылдың деңгейіне қарағанда өсу - 2,3 есе;

тауар-материалдық құндылықтар шығыстары - 633 млн. теңге немесе 2,6 %, соның ішінде 2006 жылы - 182 млн. теңге немесе 2,6 %. 2005 жылдың деңгейіне қарағанда өсу - 1,04 %.

Бұдан басқа мынадай шығыстардың өсуі болжануда:

еңбекақы төлеу шығыстары - 1632 млн. теңге немесе 6,7%, соның ішінде 2006 жылы 530 млн. теңге немесе 7,7%. 2006 жылы осы бап бойынша шығыстар 2005 жылдың деңгейіне қарағанда 10 %-ға өседі. Бұл орташа айлық еңбекақының 2005 жылы 43 815 теңгеден 2006 жылы 48 465 теңгеге дейін өсуімен байланысты;

бөтен ұйымдар қызметтері - 37 млн. теңге немесе 0,1 %, соның ішінде 2006 жылы - 12 млн. теңге немесе 0,2 % . Шығыстардың өсуі әуежайлық кешеннің жаңа объектілерін теңгерімге қабылдауға байланысты қызмет көрсетілетін ғимараттар санының және тиісінше сақтандыру бойынша шығыстардың және басқа да шығыстардың өсуіне сәйкес жоспарланған.

Барлық қаралып отырған кезеңдегі Қоғамның жалпы шығыстарындағы сатылатын қызметтердің өзіндік құнының үлес салмағы 91,2 %-ды құрайды.

Параграф 7. Қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасын сақтау жөніндегі іс-шаралар

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес әуежай қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы, оның сапа нормативтерін және экологиялық талаптарын сақтау жүктелетін табиғатты пайдаланушы болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламаның шеңберінде әуежай мынадай іс-шараларды жүргізуді жоспарлауда:

жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын жасап, қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйін тұрақты бақылау;

шығарындылардың, тастамалардың және қалдықтардың шығу көздеріне түгендеу жүргізу арқылы өзгерістерді болжау;

Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес экологиялық с а қ т а н д ы р у ;

әуежайды қайта жаңарту шеңберінде жаңадан енгізілетін объектілерге экологиялық паспорттарды әзірлеу және бекіту.

Есептік кезеңдегі нақты деректер және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарма белгілеген қоршаған ортаның ластануына келісілген лимиттер бойынша әуежай қоршаған ортаны қорғау қорына төлемдер жүргізеді. 2006 жылы қоршаған ортаны ластауға төлем бұрынғы деңгейде (1,6 млн. теңге) жоспарлануда.

Қоғамдағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі негізгі іс-шаралар ұйымдастыру, техникалық, әдістемелік, өндірістік және санитарлық-гигиеналық жұмыстардың кешеніне бағытталған.

Параграф 8. Баға және тариф саясаты

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әуежай қызметтері табиғи монополия с а л а с ы н а ж а т қ ы з ы л д ы .

Әуежайдың баға және тариф саясатының негізгі мақсаттары өңірде бәсекелестік қабілеттілікке қол жеткізу, өңірдің транзиттік әлеуетін пайдалану шеңберінде авиатасымалдаушыларды тасу болып табылады.

"Табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтері (тауарлар, жұмыстар) Тізбесін бекіту" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы қаулысымен әуежайлар қызметінің н о м е н к л а т у р а с ы б е к і т і л д і :

әуе кемесінің ұшуын және қонуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер; авиациялық қызметті қамтамасыз ету;

негізгі әуеайлақта әуе кемесіне тұру орнын ұсыну жөніндегі қызметтер; әуе кемесіне тұру орнын белгіленген уақыттан артық ұсыну жөніндегі қызметтер.

Параграф 9. Әлеуметтік саланы дамыту

Қаржылық-экономикалық қызметтің 1208 млн. теңге сомасындағы болжанып отырған теріс нәтижесіне байланысты "Астана халықаралық әуежайы" АҚ әлеуметтік шығыстарға 2006 жылы қаражат көзделмеген.

Параграф 10. Кадр саясаты

Кадр саясатының негізгі бағыттары Қоғамды кешенді және тұтастай сипаттағы басқару жүйесін қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіби, жоғары білікті персоналды қалыптастыруға бағытталған жұмыс болып табылады. Кадр жұмысын жақсарту, оның кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында персоналмен жұмыс істеу жүйесін, Қоғамның ұйымдастыру құрылымын және штат санын жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады. "Астана халықаралық әуежайы" АҚ саясаты мен мақсатын әзірлеуге және қолдауға, олардың санасын арттыру үшін оны қызметкерлер арасында таратуға, басқарудың және жоспарлаудың қазіргі заманғы әдістерін енгізу арқылы осы мақсаттарға қол жеткізу бойынша шығармашылық жұмысқа персоналды уәждеуге және тартуға бағытталған менеджменттің тиімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Оқыту, қайта даярлау және қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру Қоғам персоналын кәсіби дамыту мен оның біліктілік сипаттамасын жақсартудың негізгі құралдары болып табылады.

Параграф 11. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қарым-қатынастар

Қоғам 2006-2008 жылдарда 24 785 млн. теңге мөлшерінде жиынтық кірістер алуды жоспарлауда, соның ішінде: 2006 жылы - 6 638 млн. теңге, 2007 жылы - 8 877 млн. теңге және 2008 жылы - 9 270 млн. теңге. 2006-2008 жылдары орташа жылдық өсу 263 % деңгейінде болжануда.

Жаңа әуежайлық кешен объектілерінің пайдалануға енгізілуіне байланысты жиынтық шығыстардың (салықтарды төлеу, несиеге пайыз, амортизациялық аударымдар, коммуналдық қызметтерге арналған шығыстар) айрықша өсуіне байланысты Қоғамның шығыстары 2006-2008 жылдары 27 218 млн. теңге мөлшерінде болжануда, соның ішінде: 2006 жылы - 7 846 млн. теңге; 2007 жылы - 9 560 млн. теңге, 2008 жылы - 9 812 млн. теңге сомасында болжануда.

Кірістерден шығыстардың өсу қарқынының едәуір озу салдарынан әуежай қызметінің қаржылық нәтижесі шығындармен болжанады: 2006 жылы - 1208 млн. теңге ; 2007 жылы - 683 млн. теңге және 2008 жылы - 542 млн. теңге.

Республикалық бюджеттен

Астана қаласындағы халықаралық әуежайды салу жобасын іске асыру шеңберінде 006 "Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту" және 007 "Астана қаласындағы

халықаралық әуежай құрылысына кредит беру" бағдарламалары бойынша республикалық бюджеттен 2006 жылы 552,822 млн. теңге сомасында қаржы бөлу жоспарлануда.

Салықтар және төлемдер түрлері аясындағы бюджетке, акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтерден болжанатын түсімдер

2006-2008 жылдары бюджетке төлемдер 1897 млн. теңге сомасында жоспарлануда. 2006-2008 жылдары корпоративтік табыс салығын төлеу мен дивидендтер есептеу жоғарыда аталған факторларға байланысты жоспарланбайды.

Бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер көлемінің болжамы

(млн. теңге)

	2005 жыл нақты	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2006 - 2008 жылдарда барлығы
А	1	2	3	4	5
Салықтар, барлығы	353,3	625,3	630,3	641,4	1897
соның ішінде:					
Корпоративтік табыс салығы	15,2	-	-	-	-
Жеке тұлғалардың табыс салығы	55,5	78,3	79,9	83,1	241,3
Әлеуметтік салық	82,7	91,4	93,0	98	282,4
Мүлікке салынатын салық	77,7	351,2	347,6	347,6	1046,4
Көлікке салынатын салық	1,6	1,6	1,7	1,8	5,1
Жерге салынатын салық	5,8	5,8	6,4	6,4	18,6
Басқа салықтар (рұқсат етілмеген, ҚҚС бойынша есепке алу)	114,8	97,0	101,7	104,5	303,2

Параграф 12. Қызмет көрсететін банктермен өзара қарым-қатынастар:

Қазіргі уақытта Қоғам мынадай банктердің қызметтерін пайдаланады: Альянс-банк, Қазинвестбанк, Халық банкі.

есеп айырысу шоттары бойынша айналымдар, ақшалай қаражаттың орташа айлық қалдығы

Есеп айырысу шоттары бойынша айналымдар аясында қызмет көрсететін банктермен өзара қарым-қатынастар төменде келтірілген кестеде берілді.

Қоғамның есеп айырысу шоттары бойынша негізгі көрсеткіштері

(млн. теңге)

--	--	--	--	--

Атаулар	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
А	1	2	3
Альянсбанк			
Есеп айырысу шоттары бойынша айналым			
Кіріс	457	417	481
